Темірбек Жүргенов ауылдық округі Қауымдастық жиынының

ХАТТАМАСЫ

Темірбек Жүргенов ауылы № 13 30.12.2025 жыл

Жергілікті уақыт 11:00
Жиынға қатысқан – 8 адам
Жиынға қатысқандар: Жергілікті қауымдастық мүшелері, Темірбек Жүргенов ауылдық округі әкімі С.Т.Еримбетов, Темірбек Жүргенов ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтері Ж.Өміргалиева

Қоғамдастық төрағасы – Тұрғанбаев Иманғазы

Күн тәртібіндегі мәселе:

Хабарламашы: Темірбек Жүргенов ауылдық округінің әкімі С.Т.Еримбетов: Өздеріңіз білетіндей 2018 жылдың 01 қаңтарынан бері біздің ауылдық округ бюджеттің өзін-өзі басқару IV деңгейімен жұмыс жасап келе жатқан округтердің қатарында. Ауылдық округтің «2026-2028 жылға арналған бюджетін бекіту жұмыстары жүргізілуде. Әйтеке би аудандық мәслихатының алдағы болатын сессия отырысына ұсыныстар жасау үшін жиналып отырмыз.

«Темірбек Жүргенов ауылдық округінің әкімінің аппараты» ММ-сің кіріс бөлігі

Барлығы : **129 734,0 мың теңге** (жүз жиырма тоғыз миллион жеті жүз отыз төрт мың) теңге. Атап айтқанда:

«124001015» - Облыстық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер –65734,0 мың теңге;

124008015 бағдарламасы бойынша
159 ерекшелігі бойынша Т.Жүргенов ауылында 34700,0 мың теңге Электр энергиясы (көшелерді жарықтандыру үшін) соммасы;

124013015 бағдарламасы бойынша
159 ерекшелігі бойынша Темірбек Жүргенов және Талдысай ауылы ішілік жолдарын қардан тазалау күтіп ұстау жұмыстарына 27500,0 мың теңге;

Осыған байланысты кімде қандай ұсыныс, ой пікірлер бар? Ортаға салып осы мәселені талқыға салайық.

Сөз сөйлеушілер: Тұрғанбаев Иманғазы – Жергілікті қауымдастық кеңесінің төрағасы: Бүгінгі күн тәртібіндегі қаралып жатқан мәселелерді толық қолдаймын.

Қуанышбаев Мирас – Қауымдастық мүшесі: Жоғарыда көтеріліп отырған мәселелерді толық қолдаймын.

Темірбек Жүргенов ауылдық округінің қауымдастық жиыны ШЕШІМ ЕТЕДІ : Темірбек Жүргенов ауылдық округінің жергілікті қауымдастығы жоғарыда көтерілген барлық мәселелер бойынша келісімін береді.

Жиналыс төрағасы: **Тұрғанбаев Иманғазы**